

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 қарашадағы N 1114 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ресей Федерациясының "Мәскеу жылу техникасы институты" федералдық мемлекеттік біртұтас кәсіпорны 2005 жылға 500000000 бес жүз миллион) теңге сомасына сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар "Есіл" авиациялық зымыран-ғарыш кешенін құрудың нобайлық жобасы мен техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу жөніндегі жұмыстарды беруші болып белгіленсін.

2. "Қазғарыш" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы (келісім бойынша) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт жасасуды;

2) жұмыстарды мемлекеттік сатып алу үшін осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабы 3, 4-тармақтарын орындауды;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі